**Бекітемін** ______________

**Әдіскер:** Бахбергенова Н.А

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қыркүйек айы 2024жыл 1 апта «Балапан» кіші тобы**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 02.09.2024 | Сейсенбі 03.09.2024 | Сәрсенбі 04.09.2024 | Бейсенбі 05.09.2024 | Жұма 06.09.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Күй күмбірі-ұлттық өнерді балаға дәріптеу.<br>Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту).** «Ғажап қоржын» көрсетіп, ішінде не бар? Алып таңдаған ойыншығымен ойнауын ұйымдастыру.<br>Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Өнегелі -15 минут – ата - аналармен бала туралы әңгімелесу.<br>Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау.<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.<br>«Танысайық» сауалнама. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру,<br>«Жапырақтар», саусақ ойыны «Қуырмаш» «Бір сөзбен ата» және ұлттық ойындарға қатысу белсенділігін арттыру .<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру іс ірекеттерді жасауына жағдай жасау.<br>Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылау барысында баланың сөйлеуін дамыту. (**Балармен жеке жұмыс. )** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қоян қонаққа келеді».<br>Міндеттері:Өзімен көп достарын ертіп алып келіпті. Қарандаршы қоянның достарын танисыңдар ма? Жануарларды атау. Топта осындай ойыншықтар бар ма сұрау.<br>Ойыншықтарды ұстап, атттарын атауын дағдыландыру. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету **(Қоршаған ортамен таныстыру) (көркем әдебиет)**<br><br>«Қол күрес» ойыны | «Қуыршақтың сүйікті ойыншығы»<br>Міндеттері: Ол асық екен. Бізде асықпен ойнай аламыз.<br>«Ханталапай» ойыны. | Топқа «мысық пен күшік» келеді.<br>Міндеттері:<br>Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Олардың да мысық пен күшігі бар ма сұрау. Жеке балалардан әңгімелеп беруін сұрау.<br>Мысық пен күшіктің дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту) (Қоршаған ортамен таныстыру)** | «Ойын»<br>Міндеттері: Балаларға ойыншықтарды текшелердің немесе үстел үстіндегі жазықтықта әр түрлі жағдайда орналасуын көрсетіп қайталап орындауын қалыптастыру (жатыр, тұр)<br>**(құрастыру)**<br>**«Smart bala» жобасы**<br><br>«Кім шапшаң?»<br><br>Түрлі түсті асықтарды түсі бойынша жинау. | Балалар бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық тарытады. Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз.<br>Міндеттері:<br>Балаларды байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>«Әдемі моншақ»<br><br>Жіпті асықтардың тесігінен өткізіп моншақ жасау. |

| | |
|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>1. Бастапқы қалып: қолдарына кішкене құрсауларды алып (диаметрі 25см), тәрбиешінің соңынан жүру. (15-20сек) «Таңертең әтеш тауықтарды серуенге ертіп шығады»<br>2. Бастапқы қалып: Табандарын қатар қойып, қолдарындағы қырсауларды жоғары көтеріп бойларын түзеп, жоғарыға қарайды. «Тауықтар серуенде осылай бой жазады»<br>3. Бастапқы қалып:Жоғарыдағы қолдарын құрсаулармен жанына созып, сермейді. «Тауықтар қанаттарын қағады»<br>4. Бастапқы қалып: Балалар аяқтарын алшақ, иықтың енімен бірдей қойып тұрады. Еңкеіп отырып құрсаулармен еденді түртеді. «Тауықтар жем жейді». Сосын тәрбиешінің соңынан жүріп «Серуеннен қайта оралады» |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Көңілді муызка қою. Қарапайым би қимылдарын орындауды пысықтау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)**<br>Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру.«Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **«Балабақша - жайлы мекен»**<br>Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **Музыка**<br>Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту<br>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру*. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру<br>*Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.*<br>заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту;<br>*Домалату, лақтыру.* Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату<br>Қимылды ойын:<br>Жалауға қарай жүгір | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру*. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру<br>*Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.*<br>заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту;<br>*Жүгіру*. Бірқалыпты, шашырап, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>Қимылды ойын:<br>Торғайлар<br>Спорттық жаттығулар:<br>Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру*. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру<br>*Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.*<br>заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту;<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.<br>Қимылды ойын:<br>Төгілген жіптерді жылдам жина |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. | |
| | Міндеттері:Бірдей жануарларды топтастырып ойнату. **(Сенсорика)** | Бір біріміздің артымызға тұрып, поезд болып жүреміз топ бөлмнсінде серуен жасау. Топты аралатып, топтағы заттарды көрсету және атау. Оларды атап, не үшін қолданылатынын түсіндіру. Топтағы заттарды балаларға қолдануға беру. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | Фланелеграфқа мысық пен күшікті топтастырып жапсыру. **(жапсыру)** | Топқа кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келеді. Балалар қуыршаққа қалай көмектесеміз деп балалардың бастамасы бойынша іс әрекет жасауды қуыршақты жуындыруды ауызша нұсқау жасаумен үйрету **(сенсорика)** | Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік. **(көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Қуыршағымызды серуенге шығарайық  деп көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары,  ұсақ моториканы дамыту**).<br>**Қауіпсіздік ережелері.** Серуен кезінде қауіпсздік ережелерін таныстыру, түсіндіру,әңгімелеу. | | | | |
| **Серуен** | Қимылды ойын «Шарды ұста»<br><br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Жеке балалармен тақпақты жаттау.<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Үш доңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсу, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқаруды үйрету. | Серуенге ойыншық жануарларды алып шығу.  Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атау дағдысын дамыту, үйрету<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Бақылау.<br>Мақсаты: Ағаштарды бақылау, жел тұрғанда жапырақтарының қимылына назар аударту.<br><br>Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» | Жапырақтар теру, құмыраға салу дағдысын дамыту<br><br>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындары<br><br>Қимылды ойын «Шарды ұста»<br>«Қыз қу» ойыны. | Қуыршақпен көңілді ән айтып, би билету.<br>Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айтуды қалыптастыру.<br>**(музыка)**<br>Бақылау.<br>Мақсаты: Ауа райның ерекшеліктерін байқау. Жаңбыр, жел, күз сөздерін сөздік қорына қосу.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Қимылды ойын: Поезд | Бақылау.<br>Мақсаты: Серуенде бірге жүріп табиғатты бақылауды үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Құрылыс материалдарынан өзіміз отыратын орындықтар құрастырып алайық деп құрастыру әдістерін үйрету<br>**(Құрастыру)**<br><br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Қимылды ойын: «Өз орындығыңды тап» |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (**дербес қимыл әрекеті).** |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Дастарханыңа береке берсін,<br>Бастарыңа мереке берсін,<br>Астарыңа адалдық берсін,<br>Бастарыңа амандық берсін,<br>Дендеріңе саулық берсін!<br>Әумин! |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). |
| **Бесін ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** | Достарымызбен бір қатарға тұрайық, бір біріміздің киімімізден ұстап поезд болып жүрейік.<br>**(дене шынықтыру)**<br>Қазақстан Республикасының әнұранын тыңдау, сөздерін есте сақтау.<br>**(музыка)**<br>Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда дербес әрекеттер.<br>Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен жануарлардың бейнелерін табу, фланелеграфқа жапсыру.<br>**(Жапсыру)**<br>балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.<br>түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Ермексазды алақан арасына алып мыжу дағдысын дамыту.<br>Фланелеграф тақтасына доптарды, шарларды жапсыру.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** | Дамытушы орталықтарда балалрдың бастамасымен құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары, парақ бетінде бейнені орналастыру әрекеті және ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру<br>**(Құрыстыру, сурет салу, мүсіндеу)** | Қағаз беріп доп салуды тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді үйрету.<br>**(сурет салу)**<br>«Мен»бейнесі.<br>Есімін атағанда Жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)** | «Артығын тап» ойынын ұйымдастырып саусақ қимылын дамыту<br>**(сенсорика)**<br>Қандай сурет сала алатынымызды көрсетейік.<br>Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау. Балалардың еркін әрекетін дамыту.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызықтарды парақ бетінде салуын үйрету **(сурет салу)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бақылау | Бақылау | Бақылау | Бақылау | Бақылау |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). **Қауіпсіздік ережелері.** Серуен кезінде қауіпсздік ережелерін таныстыру, түсіндіру,әңгімелеу. | | | | |
| **Серуен** | Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу олармен еркін ойындарда баланың дербес әрекетін дамыту Қимылды ойын «Шарды ұста» | Жеке балалармен тақпақты жаттау. Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. **(көркем әдебиет)** Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» | Мысықтың және күшіктің дауысын салу арқылы сөйлеу дағдысын жетілдіру. Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» | Доппен ойындар. Жеке балалармен тақпақты жаттауды жетілдіру Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. **(көркем әдебиет)** | Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады» **Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау.** Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу. | Топқа ойыншық алмасу сөресін жасауды ақылдасу | Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну | Үйде доппен ойнауды ұсыну. | Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. |

**Бекітемін** ________________

**Әдіскер:** Бахбергенова Н.А

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қыркүйек айы 2024жыл 2 апта «Балапан» кіші тобы**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 09.09.2024** | **Сейсенбі 10.09.2024** | **Сәрсенбі 11.09.2024** | **Бейсенбі 12.09.2024** | **Жұма 13.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Күй күмбірі-ұлттық өнерді балаға дәріптеу. Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту).** Орындықтарда отырған қуыршақтарды көрсетіп олардың сөмкелерінде сыйлық бар, алып ойна деп балаға таңдаған сөмкені аштырып, одан алған жаңа зат немесе ойыншықпен таныстырып ойнату. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Өнегелі -15 минут – ата - аналармен бала туралы әңгімелесу.<br>Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау.<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.<br>«Кішкентай баланы балабақшаға бейімдеу» ата аналар жиналысына шақыру.<br>**Қауіпсіздік ережелері**. Балабақшаға нені әкелуге болмайды (ақша, тәттәлер, өткір заттар тб) әңгімелеу, түсіндіру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру,<br>Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Анасын тап»<br>Саусақ ойыны «Биші адамдар», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылау. **Балармен жеке жұмыс.**<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Отбасы» суретін көрсету.<br>Еңбек.<br>Мақсаты: -Суреттегі отбасы мүшелерін ата?<br>-суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелеп беруін ұйымдастырып сөйлеу дағдысын,сөз қорын кеңейтіп дамыту.<br>«Отбасы» рөлдік ойындарын ойнаумен. Қуыршаққа күтім жасау, әлдилеу, ән айту дағдысын қалыптастыру<br>**(көркем әдебиет, музыка) (сөйлеуді дамыту)** | «Отбасы мүшелері».<br>Міндеттері:<br>суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау дағдысын қалыптастыру.<br>Балалардың қалауы бойынша әженің кәмпиттері тақырыбында домалақтар сурет салу, ермексаздан дөңгелек мүсін жасау, жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру**(сөйлеуді дамыту) (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | «Отбасы бейнеленген кітаптар қарау».<br>Міндеттері:Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы мүшелерін қарау негізінде дұрыс сөйлеуін дамыту<br>Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды пысықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту) (құрастыру)** | Үстел үсті театры арқылы «Шалқан»<br>Міндеттері: ертегісін тыңдап, айтып берумен эмоциалды қабылдауды үйрету.<br>**(көркем әдебиет)**<br>ертегі кейіпкерлерін тану, көрсетіп атату.<br>Не істеді сұрағына жауап беруді үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | «Ата мен әжелерінің суреттін қарау».<br>Міндеттері: Олар туралы не білетіндерін айтқызу мен сөйлеуін дамыту<br>«Бес саусақ» өлеңін қайталап айтуға талпындыру<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы<br>Балан үйрек – әжем, ошақ анасы<br>Ортан терек – әкем, отау панасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>1. Бастапқы қалып: қолдарына кішкене құрсауларды алып (диаметрі 25см), тәрбиешінің соңынан жүру. (15-20сек) «Таңертең әтеш тауықтарды серуенге ертіп шығады»<br>2. Бастапқы қалып: Табандарын қатар қойып, қолдарындағы қырсауларды жоғары көтеріп бойларын түзеп, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарыға қарайды. «Тауықтар серуенде осылай бой жазады»<br>3. Бастапқы қалып:Жоғарыдағы қолдарын құрсаулармен жанына созып, сермейді. «Тауықтар қанаттарын қағады»<br>4. Бастапқы қалып: Балалар аяқтарын алшақ, иықтың енімен бірдей қойып тұрады. Еңкейіп отырып құрсаулармен еденді түртеді. «Тауықтар жем жейді». Сосын тәрбиешінің соңынан жүріп «Серуеннен қайта оралады» | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету.<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Көңілді муызка қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)**<br>Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру.<br>«Менің отбасым» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? Сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. Б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін | **Музыка**<br>Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | шығармаларды: ән, көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату | Қолдарынәртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру *Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.* Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру *Домалату, лақтыру.* Доптарды бір-біріне домалату. <br><br> <u>Қимылды ойын:</u> Торғайлар | Қолдарынәртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру *Секіру.* еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. *Домалату, лақтыру.* Доптарды бір-біріне домалату. <br><br> <u>Қимылды ойын:</u> Төгілген жіптерді жылдам жина <br><br> <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, | Қолдарынәртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру *Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.* Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру *Секіру.* еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. <br><br> <u>Қимылды ойын:</u> «Ортамызда кім жоқ» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. | |
| | Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. **(құрастыру) «Smart bala» жобасы** | Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап» | Мысық пен күшік ойнайтын допты ермексаздан мүсіндеуді пысықтау. **(мүсіндеу)** | Көңілді музыка қойып балалардың қарапайым би қимылдарын жасау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелуін жетілдіру **(музыка)** | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Кием шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту). Қауіпсіздік ережелері.** Серуен кезінде қауіпсздік ережелерін таныстыру, түсіндіру,әңгімелеу. | | | | |
| **Серуен** | Отбасымен тұратын үйшікті бормен салуды пысықтау. **(сурет салу)** Бақылау. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып | Нешеуміз? Тақпағын жаттауға талпындыру Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым –әкем Балалы үйрек-анам. Ортан терек –ағам Шылдыр шүмек –мен, | Еңбек. Мақсаты: аулада тазалық жұмыстарын ұйымдастырып балаларды жапырақтар теруге қатыстырып еңбектенуге үйрету. Балалардың жалпы | Қимылды ойын: «Поезд» поезда бара жатқанда желді бақылау. Аялдамаларда жапырақтардың қай ағаштар түскенін табу атау дағдысын дамыту. **(қоршаған** | Бақылау. Мақсаты: Бақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерді бақылау. Түстерін атау. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еңбек. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тұр, далада салқын секілді сипаттарды атауын қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Еркін ойындар | Кішкене бөбек –сен<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>*І.Шұғаев*<br>**(көркем әбедиет)**<br><br>Жел қалай соғады. Жапырақтардың тербелгенін көрсету. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Еркін ойындар, жеке жұмыстар | қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Еркін ойындар.<br><br>Қимылды ойын: «Нысанға қарай жүгір» | **ортамен таныстыру)**<br>Еркін ойындар<br>**Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау.**<br>Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)** | Мақсаты:<br>Ағаштардың түскен бұтақтарын жапырақтарын жинап, шелекке салу **(сенсорика)**<br><br>Еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Дастарханыңа береке берсін,<br>Бастарыңа мереке берсін,<br>Астарыңа адалдық берсін,<br>Бастарыңа амандық берсін,<br>Дендеріңе саулық берсін!<br>Әумин! | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) (мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер. Отбасы мүшелерін қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету **(жапсыру)** ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру, доп жасау **(мүсіндеу)** | Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі ойыншықтарды топтастыру **(сенсорика)** | Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта кітіптардан сурет қарау сұрақтарға жауап беруін дамыту **(көркем әдебиет)** Қазақ ертегілердің кейіпкерлерімен таныстыру. | Сенсорлық ойындар, кітаптардан шалқан ертегісінің суреттерін фланелеграфқа ертегі кейіпкерлерін ретімен жапсыру. **(сенсорика, жапсыру)**<br><br>**Ұлттық ойын:** «Қуырмаш» | Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап моншақтың суретін салу.<br><br>Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | доп салуды пысықтау **(сурет салу)** **Ұлттық ойын:** «Хан талапай» | Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер Ұлттық оюларын бояу. | | Еркін іс әрекеттер | **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** **Ұлттық ойын:** «Асық ату» Еркін іс әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бақылау | Бақылау | Бақылау | Бақылау | Бақылау |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қауіпсіздік ережелері.** Серуен кезінде қауіпсдік ережелерін таныстыру, түсіндіру,әңгімелеу. | | | | |
| **Серуен** | Қ/о «Шеңберге тез тұр» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерде баланың сөйлеу дағдысын жетілдіру | Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. «Күн түн» ойынын ойнату арқылы уақыт бағдарлау дағдысын қалыптастыру. Қ/О «Поезд» | Қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар **(сенсорика)** Қ/о «Шеңберге тез тұр» | Қ/о «Күн мен жаңбыр» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу | Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар. |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау. | Отбасында қандай ойындар ойнауға болады кеңес беру. | Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау. | Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну | Іс шарадан алған әсерлерін сұрау. |

**Бекітемін** ________________

**Әдіскер:** Бахбергенова Н.А

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қыркүйек айы 2024жыл 3 апта «Балапан» кіші тобы**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 16.09.2024** | **Сейсенбі 17.09.2024** | **Сәрсенбі 18.09.2024** | **Бейсенбі 19.09.2024 .** | **Жұма 20.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Күй күмбірі-ұлттық өнерді балаға дәріптеу. Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(**сөйлеуді дамыту).** Әр бала келгенде оған жаңа жануар бейнесіндегі жұмсақ ойыншықты таныстыру. «Сәлем мынау ақ қонжық сені күтіп отыр, ол сенімен дос болғысы келеді». Қонжықтың қолын алып амандас. Ол тамақ жегісі келіп тұр. «Сен оны тамақтандыр» деп бөлмедегі азық-түлік пен ыдыстар орналасқан ойын орталығында қонжықты тамақтандыруын ұйымдастыру | | | | |
| **Ата-аналармен немесебаланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Өнегелі -15 минут – ата - аналармен бала туралы әңгімелесу.<br>Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау.<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.<br>«2-3жастағы балалардың жас ерекшеліктері» буклет тарату. | | | | |
